

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға әлеуметтік қызметтер порталы арқылы кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы өткізген кезде оның құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2022 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 13 қаңтарда № 26492 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 530 бүйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.12.2022 № 530 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-1-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға әлеуметтік қызметтер порталы арқылы кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы өткізген кезде оның құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек саясатын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Р.К. Сәкеевке жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің м.а.
2022 жылғы 6 қантардағы
№ 1 бұйрығына
қосымша

**Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға әлеуметтік қызметтер порталы
арқылы кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы өткізген кезде оның құнын
мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидалары**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға әлеуметтік қызметтер порталы арқылы кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы өткізген кезде оның құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу қағидалары "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – заң) 4-1-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға әлеуметтік қызметтер порталы арқылы кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы өткізген кезде оның құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік көрсетілетін қызметтер порталы (бұдан әрі – портал) – әлеуметтік-еңбек саласының ақпараттық жүйесі, ол халықтың жекелеген санаттарына "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" және "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың тауарлардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің құнын өтеуі шарттарымен оларды сатып алу мүмкіндігін беретін ақпарттандыру объектісін білдіреді;

2) кепілдік берілген әлеуметтік топтама (бұдан әрі – КӘТ) – бір жастан он сегіз жасқа дейінгі балалары бар табысы аз отбасыларға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын түрлерде және көлемдерде көрсетілетін көмек;

3) табысы аз адамдар (отбасылар) – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен адамдар (отбасылар);

4) уәкілдегі орган – республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданнның, аудандық

маңызы бар қаланың мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – уәкілетті орган);

Ескерту. 2-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 05.08.2022 № 292 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

2-тaraу. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға әлеуметтік қызметтер порталы арқылы кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы өткізген кезде оның құнын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу тәртібі

3. Уәкілетті орган өнім берушіге КӘТ-тің құнын өтеуді Заңың 2-бабы 7-тармағының бірінші абзацына сәйкес кепілдік берілген әлеуметтік топтама шеңберінде ұсынылатын көмектің түрлері мен көлемдеріне кепілдік берілген сома шегінде жүзеге асырады.

4. Уәкілетті органдың алушының осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнім берушіге кепілдік берілген соманы өтеуге арналған өтініші (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес өнім беруші порталда ұсынған және электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған растаушы сканерленген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5. Өнім беруші жеткізуді жүзеге асырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға:

1) "Бастапқы есепке алу құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8265 болып тіркелген) 50-қосымшаға сәйкес Р-1 нысанына сай орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11426 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу және кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы ұсыну қағидаларына 50-қосымшаға сәйкес нысан бойынша КӘТ алушылардың ведомосын;

3) "Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларын және оның нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 370 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18583 болып тіркелген) сәйкес электрондық шот-фактураны ұсынады.

6. Уәкілетті орган өнім беруші КӘТ-тің құнын өтеуге құжаттарды ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды қарайды және қабылдайды

немесе осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген себептерді көрсете отырып, өнім берушіге пысықтауға қайтарады.

Порталдағы "Өнім берушінің жеке кабинеті" модуліне және өнім берушінің ұялы байланысының абоненттік нөміріне қайтару себебін көрсете отырып, құжаттарды қабылдау туралы немесе пысықтауға қайтару туралы хабарлама жіберіледі.

7. Өнім беруші қайтару туралы ақпаратты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтару себептерін жоя отырып, уәкілетті органға КӘТ-тің құнын өтеуге арналған құжаттарды қайта жібереді.

8. Уәкілетті органның өнім берушіге КӘТ-тің құнын өтеуге құжаттарды қайтару себептері мынадай:

осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбау;

орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің және (немесе) КӘТ алушылар ведомосінің сканерленген көшірмелерін ұсынған кезде оларда қойылған қолдың болмауы;

ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дәйексіздігі.

9. КӘТ-тің құнын өтеу уәкілетті орган осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген КӘТ-тің құнын өтеуге арналған құжаттарды қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

10. Табысы аз отбасы КӘТ-ті кепілдік берілген сомадан асатын бағамен порталы арқылы сатып алған кезде табысы аз отбасы кепілдік берілген сома мен нақты құн арасындағы айырманы өз қаражаты есебінен дербес төлейді.

Әлеуметтік қызметтер порталы
арқылы мемлекеттік атаулы
әлеуметтік көмек алушыларға
оларды өткізу кезінде
мемлекеттік бюджет
қаражатынан кепілдік берілген
әлеуметтік топтаманың құнын
өтеу қағидаларына қосымша
Нысан

басқарма / жұмыспен қамту
бөлімі және әлеуметтік
бағдарламалар

Өнім берушіге кепілдік берілген соманды өтеуге өтініш

Мен, _____
(Тегі, аты, жөні (болған жағдайда))

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-1-бабына сәйкес өнім берушіге өтемақы төлеуді сұраймын:

өнім берушінің атауы _____

өнім берушінің ЖСН/БСН-сі _____

БСК _____

ЖСК/IBAN (банктік шотының нөмірі) _____

кеңілдендірілген сома _____

теңге, (сомасы)

әлеуметтік қызметтер портал арқылы сатып алғаны үшін

— (тауардың немесе қызметтің атауы)

саны _____ тапсырыс № _____ (саны, елшем бірлігі)

өнім беруші кепілдік берілген әлеуметтік топтаманың құнын оларды әлеуметтік қызметтер

порталы арқылы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өткізу кезінде

мемлекеттік бюджет қаржатынан өтеу қағидаларының 6-тармағына сәйкес растайтын

құжаттарды ұсынған кезде

Күні "—" 20__ ж. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК-сы